

«Алақай» бөбекжай - бақшасы МКҚК

**2021-2022 оқу жылына арналған
Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс
жоспары.
«Алақай» ересек тобы**

Тәрбиеші: М.Омарова

Аманкөл ауылы



**Ата – аналармен өткізілетін
2021-2022 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары.**

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек 1. Ата – аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру. 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы. Пікірлерін тындау.	Топ тәрбиешілері: М.Омарова Ж.Тұрымбетова А.Байұзаққызы
2	Қазан 1. Ашық есік күнін ұйымдастыру. 2. "Балабақша" аялдамасы.	Ашық есік күні.	Медбике: А.Суханова Топ тәрбиешілері: Ж.Тұрымбетова
3	Қараша 1. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары. 2. «Күз жомарт»	Кеңес –көрме.	Медбике А.Суханова Топ тәрбиешілері: М.Омарова
4	Желтоқсан 1. Балалар – біздің болашағымыз. 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы.	І жарты жылдық есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Топ тәрбиешілері: Г.Жайманова Психолог: Г.Күмісбаева
5	Қаңтар 1. "Дені саудың – жаны сау" мәдени – гигиеналық шара. 2. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері.	Жылжымалы палка. Буклет.	Топ тәрбиешілері: М.Омарова Г.Жайманова Медбике: А.Суханова
6	Ақпан 1. Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі. 2. Тәрбие отбасынан басталады.	Дөңгелек үстел.	Психолог: Г.Күмісбаева Ата - аналар
7	Наурыз 1. Тәрбие тірегі – халық мұрасы. 2. Қазақтың ою – өрнектері.	Көрме.	Топ тәрбиешілері: М.Омарова Ж.Тұрымбетова Ата – аналар
8	Сәуір 1. Табиғатты аялайық. 2. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер.	Ата – аналармен бірлескен жұмыс. Сайыс (қол өнері)	Ата – аналар. Топ тәрбиешілері
9	Мамыр 1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру	Жыл бойы өткізілген	Медбике А.Суханова

	шараларына дайындық. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.	жұмыстарға есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Топ тәрбиешілері: Г. Жайманова Ж. Тұрымбетова
--	--	--	---

**«Алақай» бөбекжай – балабақшасы МКҚК-ны
«Жұлдыз» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.**

Хаттама №1

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата-аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Ата-аналар комитетін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Алақай» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі сөз алды. Бөбекжай меңгерушісі топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешілері мен М.Омарова, Г.Жайманова, Ж.Тұрымбетова, А.Байұзаққызы және психолог Г.Күмісбаева мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Жайманова Гүлзира Төлепбергенқызы деп шешті.

Ата-аналар комитеттің төрайымы
Мүшелері:



Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Ата-аналар комитетінің төрайымы Жайманова Гүлзира Төлепбергенқызы болсын.

Хаттамасы №2



«Жұлдыз» тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Күні: 15.11,2022.ж.

1. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организмiне пайдасы жақтары.
Медбике: А.Суханова.
2. «Күз жомарт» топ тәрбиешілері. М. Омарова.

Қаулы:

1. Кеңес А.Суханова оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқығанын айтты.
2. «Күз жомарт» ертеңгіліктегі киімдерін мен ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін киімдерін ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы Т. Аманжол
Хатшысы С. Марова



«Алақай» бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:
«Психологиялық диагностика қорытындысы»

Дайындаған психолог: Күмісбаева Г. Ж.

2021-2022 оқу жылы

Психологиялық диагностиканың қорытындысы

Балалардың балабақшада, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында, бақылауға кіші топтар алынып, бейімделу парақтары толтырылды. Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды. Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілді.

Топ балаларымен танысып тізімі дайындалды. «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процестерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында түзету-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді: психологиялық диагностикада таным процестерін зерттеу, қарым-қатынас диагностикасы, мінез-құлықкерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Психодиагностика қорытындысында ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні «төмен» балалар анықталды, берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатын, сөз қоры аз екені байқалып, психологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында, эмоционалдық тұрақсыздықтары бар, агрессивті мінез-құлықты балалармен жеке жұмысын жүргізеді.

Ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні мен қабылдауы төмен балалармен жеке жұмыстар

Мақсаты: жас ерекшеліктеріне сай қабілеттерін нығайтып, арттыру.

Қабылдауы төмен: Зарлық Санжар, Мерей Нәби «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері» ойындары өткізіледі.

Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

Зейіні төмен: Бағдатұлы Ағылан, Ғазизбек, Айасыл, Нағашығарин Нұрәли, Альбина балалармен «Адасқан сызықтар», «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б. ойын-жаттығулары өткізіледі.

Есте сақтау қабілеті төмен: Аман Нұртөре, Нұрлан Абдулхамит, Айтуған Азат балалармен «Жадында сақтап салып көр», «Затты сипатта», «Тыңда да, орында!» т.б. ойындар өткізіледі.

Ойлауы төмен: Жалайыр Нұрназар, «Затты сипатта», «Сыңарын тап», «Дұрыс-бұрыс», «Тізімді жалғастыр» т.б. әдістемелер қолданады.

Эмоционалдық тұрақсыздықтары бар: Анарбек Бекарыс, Нұрланқызы Нұрайым, аутотренингтер, «Менің көңіл-күйім» сурет салу, қдм терапиясын қолданып «Ойыншықтар қалашығы» сабағы, психогимнастика жаттығулары өткізіледі. сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «ашу», «итерісу», «автобустағы оқиға», «сезімдер әлемі», релаксация жаттығулары және т.б. ойын-жаттығулар өткізіледі.

«Алақай» бөбекжай-бақшасы МКҚК

«Балалар – біздің болашағымыз!»

Жауапты: Г.Т.Жайманова

2021-2022 оқу жылы

Бала – біздің болашағымыз!!!

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата – ананың өнегелі тәрбиесінде. Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішкілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А. С. Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі пешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетінін, сөйлейтінін, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дерекшілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлескеніңіз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Жақсы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуанытып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеніздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кінәлаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма. т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата - ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесію», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы

тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінез ақыл, таза жүрек. Бұл савалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты саби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасақ.

Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тынып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады.

Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

«Алақай» бөбекжай-бақшасынан
менгерушісі Р.Арықбаеваға
«Жұлдыз» тобының тәрбиешісі
М.Омаровадан

Х а б а р л а м а

«Алақай» бөбекжай-бақшасында 2021 жылының 26 қазан күні «Алтын күз» атты мерекелік ертенгілік өтті.

Мақсаты: Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты дамыту. Балалардың әртістік қабілетін, досшылығын, өзгешеліктерін дамыту.

Көрнекіліктер: Күзгі табиғат құбылыстарының суреттері, жапырақтар, қолшатырлар.

Жұлдыз тобының бүлдіршіндерінің қатысуымен «Алтын күз» ертенгілігі өткізілді. Тәрбиеші өлең шумағымен балаларды ортаға шақырды. Балалар «қолшатыр», «грибочки» биін билеп ән айтып, күз туралы тақпақтарын жатқа айтты. Ортаға Күз Ханшайымы келіп ата-аналарды, балаларды, қызметкерлерді құттықтап балалардың өнерін тамашалады. Күз мерекесін тойлауға Кірпі және Бұлт келіп балалармен көңілді қымылды ойындар ойнатылды. Сонымен қатар Балабақшада «Күз кереметтері» атты көрме өткізілді. Көрмеге ата-аналарымыздың балаларымен бірлесіп дән-дақылдардан, жапырақтардан жасалған бұйымдары қойылды. Балаларымыз мерекеге сай киіндірілді.

Жүргізуші ертенгілікті қортындылап, ата-аналарға құттықтау сөз беріп, естелік суретке түсті.



«Алақай» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

«Жұлдыз» тобындағы ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №4

Қатысқаны: 11

Қатыспағаны: 5

Күні: 15.12.2021 ж.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Балалар – біздің болашағымыз» топ тәрбиешілері: Г. Жайманова.
2. Диагностикалық зерттеулердің қорытындысы психолог: Г. Күмісбаева

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселеге сәйкес ата-аталар балаларының жылдық қатысымын қорытындысын тыңдады. Ата-аналарға баланың оқу-іс-әрекетіне дұрыс көңіл бөлмейтіндігі, ешқандай себепсіз балабақшадан қататын тәрбиеленушілердің бар екендігі айтылды.


Екінші мәселе бойынша Г. Күмісбаева Диагностикалық зерттеулердің қорытындысы тақырыбында ата-аналармен сұхбаттасты. Әр ата-ана өз баласының тәртібіне толықтай қанағаттанатынын айтты. Келесі оқу жылына сәттілік тілеп, жазғы сауықтыру жұмыстары жүргізілінетінін ескертіп, ата-аналарға балаларды балабақшада қалдырмауға ұсыныс білдірді.

Шешімі

1. Жылдық қатысым қорытындысы «өте жақсы» деп бағаланды.
2. Балалардың жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру ата-аналар мен тәрбиешіге жүктелсін.

Кеңес төрайымы

Хаттам



Жайманова

Күмісбаева